

Дархан ала арыны

Сонымен қатар қатар өмір жолы мен шығармашылығы жайлы өлең оқу сәтіндегі бейнежазбалары көрсетілді. Поэзия кешінің құрметті қонақтары Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихи облыстық мұражайының ғылыми қызметкері, республикалық ақындар айтыстар мен жыр мүшәйраларының жүлдегері Батырлан Сағынтаев ақын жайлы өз естеліктерімен бөліссе, Шоқан Уәлиханов атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің ұстазы, жас айтыскер ақын Ернұр Әуезхан ақынға арнаған арнау өлеңін

көрерменге паш етті. Сонымен қатар кешімізге Нәзипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері қатысты. Торғайдың дархан даласында дүниеге келген дүлдүл ақынға арналған поэзия кешінің соңында кітапхана басшысының орынбасары Жанар Құдайбергенқызы қорытынды сөз сөйлеп, қонақтарға арнайы сыйлықтар табыстады. Серікбай Оспанұлы өз ғұмырын адал еңбекке, ұлт мүддесіне, қоғам игілігіне арнап келеді. Өткізілген поэзия кеші сол еңбектің елеулі бір көрінісі іспеттес. Өмір мен тіршілік туралы оқырманға ой салатын сан қырлы

толғаныстары, туған жер мен махаббат туралы жүректің түкпірінен шыққан шынайы сезім жырлары, жан-жақты зерттелінген тарихи құнды мұра еңбектері арқылы Серікбай ағаның есімі қазақ мәдениеті мен әдебиетінде мәңгі сақталары сөзсіз.

Ернар ТӨЛЕУ

Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының кітапханашысы



Торғай өңірі талай талантты тұлғаларды дүниеге келтірген киелі мекен. Кешегі Сырбай мен Кеңшіліктің арасындағы ақындарды санағанның өзінде әдебиетте әрқайсысы жеке-жеке әлем болатын талай тұлғаны еске түсіреміз. Соның бірі де бірегейі Торғай өңірінен шыққан қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, белгілі әдебиеттанушы ғалым Серікбай Оспанов. Бүгінде 80

жасқа толып отырған қарымды қаламгердің шығармашылық мұрасын оқырманға насихаттау мақсатында Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасында «Дархан дала дарыны» атты поэзия кеші өткізілді. Сөз өнерін өміріне серік еткен қаламгерге арналған іс-шара барысында ақынның жыр шумақтары оқылып, халық жүрегінен орын алған «Сағындым, Алматымды» және «Айлы түнде» әндері шырқалды.